

**Семей мемлекеттік медицина университеті
Қазақстан тарихы және жалпы білім беретін пәндер
кафедрасы**

БӨЖ

**Тақырыбы: А.Р.Лурияның қазіргі заманымызға сай бас
миының қызметі туралы түсінігі**

**Пән: Психология негіздері
Мамандық: жалпы медицина
Орындаған: Касенова Тана
Топ: 112
Тексерген: Кусаинова Н.М.**

Семей-2016

Жоспар:

Кіріспе.

Негізгі бөлім

1) Мидың энергетикалық блогі.

2) Ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау блок.


3) Адам іс-әрекетін жоспарлау, бақылау және бағыттау блогі.

Қортынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Лурия Александр Романович

(1902-1977) – медиц.ф.д., психол.ф.д., КСРО Педагогикалық академияның толық мүшесі, әлемдік нейропсихологияның негізін салушылардың бірі. Л.С.Выготскийдің аса көрнекті серігі. 1922 жылдан 1930 жылға дейін Орыс психоанализ қоғамының мүшесі. 1929- 1934 жылдар аралығында Экспериментальді дефектология институтында және академик Н.Н. Бурденко атындағы нейрохирургия институтында жұмыс істеді. РСФСР Академия Педагогика ғылыми ұйымының мүшесі, АПН СССР ұйымының мүшесі. Совет үкіметінің беделді психологі, нейропсихологияның негізін қалаушы, логопед, педагог- ұстаз.



Бас миы дистантты рецепторлық мүшелердің эволюциялық дамуының негізінде қалыптасқан жоғарғы жүйенің өте күрделі бөлімі болып табылады. Ерекше рөлді бас миында оң және сол жартышарлар, сонымен қатар олардың негізгі тарамдары атқарады. Күрделі психикалық процестердің мидағы ұйымдастырылуын жете түсіну үшін адам миы қызметі туралы қазіргі заманғы ғылыми деректерді білу қажет. А.Р.Лурия айтуы бойынша бас миы аппараттарының қызметімен байланысты келесі принциптерді білуіміз қажет.



Ақпаратты қабылдау мен өңдеуді қамтамасыз етіп, өз әрекетінің бағдарламасын түзу, олардың өзара әрекеттес қызметте болуын бақылайтын адамның бас миы құрылымдары әрдайым бүтін бірлікте жұмыс атқарады. Бұл аппарат өте күрделі, сондықтан бұл жете дараланған бірнеше бөліктерден тұрады. Дегенмен, бір бөлігі зақымдалатын болса, бүкіл аппараттың қызметіне зақым тиеді.



Адамның бас миы негізгі үш блокка жіктеледі

- Біріншісі – ақпарат қабылдап, өңдеуге, сонымен бірге бағдар түзу процесі мен олардың іске асуын қадағалап, қажетті ми қабығының іс-қуатына жәрдем береді.
- Екінші блок – адамға сыртқы орта мен өз тәні мүшелерінен жететін ақпараттардың қабылдануы, өңделуі және сақталуына байланысты процестерді жүзеге асырады.
- Үшінші блок - әрекет жоспарын түзейді, оның орындалуын реттеп , іске асырады және табысты нәтижеге жетуін қамтамасыз етеді.

А.Р.Лурия 3 блогка бөлген :

I- ші блог - энергетикалық блогка ми бағанасының жоғарғы жақтары (мишық). Егер осы блог зақымданса адам ұйқыда жүргендей болады. Адамның жұмыс істеу қабілеті төмендейді.

II-блог: ақпаратты қабылдау, Өңдеу,сақтау блогы. Мидың екі жарты шарының артқы,самай, төбе,шүйде бөліктері жатады. Бұл блог зақымданған кезде түйсік, қабылдау,ес,ойлау,тепе-теңдік бұзылады.

III- ші блог іс- әрекетті жоспарлау, бағыттау және бақылау. Мидың маңдай бөліктері жатады. Бұл блог зақымданған кезде адам мінез- құлқында өзгерістер болады.

Энергетикалық блок

Энергетикалық блок – ми қабығына қуат беру (тонус) блогі немесе энергетикалық блок деп те аталады. Түрлі процестердің өз деңгейінде орындалуы үшін ми қабығының қуатын қажетті дәрежеде тұрақты сақтау қажет. Тек тиісті қуатпен қамтамасыз етілген жағдайда ғана, одан тиісті ақпаратты таңдап, қабылдау; олардың ізін жадыда қалдыру, нақты әрекет мазмұны мен бағытын қалыптастыру мүмкін болады. Яғни қозу мүмкіншілігі жеткілікті болу қажет

**1-ші блок қуаты негізінен
екі жағдайға тәуелді.**

1 жағдай

Ми қабығының сергек қалпын сақтау үшін оған сыртқы орта ақпараты үзілмей, легімен келіп жатуы қажет. Болмаса, жануар мүлги бастайды немесе адамның сергектігі төмендейді.

2 жағдай

Бұл ағзаның ішкі зат алмасу процестері мен биологиялық қуаттар негізін құрайтын – импульстер. Мысалы, қарын ашқанда, ол туралы хабар ми қабығына ретикулярлы формацияның (мидың белсенділік қуатын көтеруші нейрондар шоғы) көмегімен жеткізіледі. Осыдан организм жағдайының импульстері қабық қуатын төмендетпей, оның сергектігінің кепілі болады

**Ақпаратты
қабылдау, өңдеу,
сақтау блогі.**

Бұл блок сезім органдарының сырттан жеткізген сигналдарының анализі және синтезіне байланысты қызмет атқарып, адамға келіп түсетін ақпаратты қабылдайды, өңдейді, сақтайды. Бұл блок аппараттарын талдағыштың (анализаторлар) орталық бөліктері деп те атауға болады.

Іс- әрекетті жоспарлау, бағыттау, бақылау блогі

Бұнда оның құрамына үлкен ми сыңарларының алдыңғы бөліктеріндегі маңдай аппараттары кіреді. Адамның саналы іс-әрекеті ақпаратты қабылдау мен өңдеуден басталып, тиісті іс жоспарын жасап, қажетті ниет қалыптастыру және түзілген іс-әрекеттік бағдарламаға сай сыртқы (қозғалыс), ішкі (ақыл-ой) қызметін орындаумен аяқталады.

Ми қабығы қуатының тұрақтылығын қолдаушы екінші көз – ағзаның **ішкі зат алмасу процестері** мен биологиялық қуаттар негізін құрайтын – **импульстер**. М-ы, аштықтан хабар беруші ағза қалпы жоғары баған мен гипоталамус аппараттарымен реттеледі. Ми қабығына ретикулярлы формацияның көмегімен жеткізілген осы ағза жағдайының импульстері қабық қуатын төмендетпей, оның сергектігінің кепілі болып табылады. Ми қабығында тіл, сөз араласуымен тек адамға ғана қатысты ең жоғары ниеттер мен қажеттерді тудырушы ақпараттарға орай туындайтын әрекет- қылық бағдарламасының қуатын сақтауда маңызға ие болатын үшінші көзі – бәсеңдеуші ретикулярлы формация болып табылады.

Қорытынды

А. Р. Лурия II Дүние Жүзілік соғыс жылдары өмір сүргендіктен ол соғыс кезіндегі адамдардын ойын, бұндай қилы замандағы іс-әрекетін, мінез құлқын зерттеді. Соғыста бас миына жарақат алған солдаттардың, бас миының құрылысына операция кезіндегі өзгерістерін бақылады және операциядан кейін сауығу процесіндегі науқастардың танымдық психологиялық процестеріне мән берген. А.Р. Лурияның бас миына берілген сипаттамасы қазіргі заманға сай келеді. Себебі, психиканың негізгі ағзасы миды 3 блокқа бөлгені қазіргі техниканың даму заманында толығымен бас миын зерттеуге арналған құрал-жабдықтар арқылы дәлелдеген. Зерттеулер арқылы бас миының жарақатын алған адамдарды зерттеу кезінде, науқастың сөйлеу, ойлау, ақпаратты қабылдау, синтездеу, ойлағанын іске асыру кезіндегі ауытқулар адамның толық қанды өмір сүруіне кедергі жасап, мүмкіндіктерін шектейді.

Пайдаланылган әдебиеттер:

- 1) **БАП-БАБА, С. ЖАНТАНУ НЕГИЗДЕРІ**
- 2) **КӨБЕКОВА, Ж. С. ПСИХОЛОГИЯ НЕГИЗДЕРІ**
- 3) **Интернет желісі**

https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D1%83%D0%BD%D0%BA%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B5_%D0%B1%D0%BB%D0%BE%D0%BA%D0%B8_%D0%BC%D0%BE%D0%B7%D0%B3%D0%B0

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D1%83%D1%80%D0%B8%D1%8F_%D0%90%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%81%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%80_%D0%A0%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87

https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D1%83%D0%BD%D0%BA%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B5_%D0%B1%D0%BB%D0%BE%D0%BA%D0%B8_%D0%BC%D0%BE%D0%B7%D0%B3%D0%B0